

Батырлан САҒЫНТАЕВ

Қазақстан жазушылар одағының мүшесі

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта Кеңестік кезеңде қуғын-сүргін көрген арыстарымыздың есімі елге қайта танылып, ортамызға орала бастады. Бұл ретте алдымен айтылатыны, әрине, Алашорда қозғалысының өкілдері. Әлихан Бөкейханов бастаған Алашорда құрамында Торғай өңірінен шыққан көптеген абзал азаматтар болды. Ахаң мен Жақаңды, айтпаған күннің өзінде алашорда құрамында болып ел үшін қызмет қылған Ахмет, Ғазымбек Бірімжановтар, Ахметсапа Юсупов, Кәрім Тоқтабаев, Сейдәзім Кәдірбаев, Әлмағамбет Қасымов, Қазгелді, Иманғали Қарпықовтар есімі бұл күнде елге етене таныс болмаса да, ғылыми ортада аз-кем болса да айтылып келеді. Дегенмен олардың атқарған еңбегі, өскен ортасы, өмір тарихы жайлы деректер көпшілік қауымға әлі де болса беймағлұм. Қазақ қауымына толығымен таныстырылмай жатқан сондай арыстарымыздың бірі – Сейдәзім Қадырбаев.

Біздер бұл мақаламызда Сейдәзімнің өзінің еңбегі жайлы ғана емес, оның өскен ортасы жайлы көбірек мағлұмат берсек деген ойдамыз. Себебі ешнәрсенің жоқ жерден пайда болмайтыны секілді, Сейдәзімнің көрген үлгісі, таныған жолы әуелден-ақ ел үшін еңбек етуді, халық үшін қайрат қылуды

– Құлмағамбет – Сейдәзім) екеуін Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқуға берген. Дүйсек училищесінде бар болғаны алты ай ғана оқып, кейін оқуды тастап кетсе, Сейдәзім 1901 жылы тәмәмдаған (№55 куәлік). Одан ары қарай оқуын жалғастырып, 1901-1905 жылдар аралығында Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебінде білім алған.

Сейдәзім Орынбордағы қырғыз мұғалімдер мектебін бітіргеннен



1917 жылғы 5-13 желтоқсан күндері өткен II Жалпы қазақ сиезінде де хатшы болып, Ұлттық-территориялық автономия мен Ұлттық үкіметін жариялауға дауыс берген делегаттың бірі. Ұлттық мемлекетімізді құруға ат салысқан тұлға.

3. Сейдәзім Құлмағамбетұлы Алаш ұлт-азаттық қозғалысының ең алғашқы күнінен бастап қатысқан. Ол 1905 жылғы «Қарқаралы құзырхатына» қол қойған 12 747 қазақ оқығаны-



газетінің шығуына көмек берген Сейдәзім одан бөлек 1917 жылы Торғай облыстық басқармасының баспасөз органы болған «Известия Тургайского областного временного гражданского комитета» атты газетті шығаруға көп еңбек сіңірген. 1917 жылы маусымда Сейдәзімнің бастамасымен Торғай облыстық баспаханасына қажетті 30 пұт мұсылман қарпін сатып әкелу үшін Қазан қаласына адам жіберу туралы қаулы шығарып, соның негізінде Міржақып Дулатұлы Қазан қаласына іс-сапарға барған. Өкінішке қарай бұл туралы құжат толық болмағандықтан, бастаманың қалай аяқталғаны туралы еш хабарымыз жоқ. Бірақ осы деректің өзі Сейдәзімнің ұлттық баспасөзге деген жанашырылығын көрсетеді. «Қазақ» пен «Еңбекшіл қазақ» газеттеріне бірнеше мақаласы жарық көрген.

8. Сейдәзім 1917 жылғы төңкерістен кейін қазақ даласындағы ең алғашқы Земство мекемесін құруға ат салысты. Жергілікті өзін-өзі басқару органы ретінде құрылған бұл мекеме құрылғаннан кейін шаруашылық пен денсаулық сақтау, оқу ісі, жер мәселесіне қатысты істерді қолға алды. Торғай уезіндегі земство 1917 жылдың қазан айында құрылып, қазанның 16-21 күндері болған Торғай уездік земствосының жиналысында жалпы саны 21 мәселе қарастырылған. Төрағасы Қорғанбек Бірімжанов болған облыстық земствоға Сейдәзім Ахмет Байтұрсынұлы,

СЕЙДӘЗІМ ҚАДЫРБАЕВТЫҢ ӨСКЕН ОРТАСЫ (30 МАУСЫМ АЛАШ АРЫСЫ СЕЙДӘЗІМ ҚАДЫРБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 140 ЖЫЛ)

мақсұт еткен аталарының жолы еді.

Гүлнар Міржақыпқызы өзінің «Арыстың бірі – Сейдәзім» атты мақаласында Сейдәзімнің атасы жайлы «Енді Сейдәзім ағаның ата-тегіне кел-

кейін Орынбор округтік сотында аядымен аудармашы (1905-1911), сот хатшысы (1911 – 1917) болып қызмет істейді. 1917 жылдың наурыз-шілде

ның бірі. Торғай уезінің басшысы 1911 жылдың 28 қазанында Торғай облысы генерал-губернаторына Сейдәзімнің Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ»

Міржақып Дулатұлы, Омар Алмасов, Уәлі Қабақов (Баспақов), Сүйін Атабаев, Сәдіман Жанбосыновтармен бірге гласныйлыққа сайланған.

сек Байқозыдан алты ұл, оның ішінде Қадырбай, Әлімбай туған. Қадырбай Байқозиннен төрт ұл тарайды... Қадырбай Байғозин ескіше оқыған, орысша сауатты, ел билеген, аса беделді, зор дәулетті кісі екен. Кезінде Торғай ауданның Өтейлерге қарасты төрт болыс елінің жергілікті әкімі болып қызмет атқарыпты» деп атап көрсетеді [«Алаштың сөнбес жұлдыздары»: Естелік-эссе/ Гүлнар Дулатова. – Алматы, «Мектеп, 2010. 248 б].

Қадырбай Бәйтәжі Бабай би, Үмбетей Көбектің Төлебайы, Қараман Тайшығара батыр секілді белгілі тұлғалармен қадірлес, істес болған кісі. Ағасы Әлімбай екеуінің есімдері Кенесары көтерілісіне қатысты құжаттарда кездеседі. Мысалы, Қыпшақ руының Көлденең бөлімін басқарған Қосылбай Сатыбалдиннің 1845 жылдың 6 қыркүйек күні сұлтан Мұхамед Жантөринге берген мәліметтерінде Әлімбай, Қадырбай Байғозиндердің Обаған өзені бойындағы Ақмола атты қоныста отырғаны, Қадырбайдың Торғай өңіріне барып, Кенесары ханның жасағындағы Сейітхан сұлтанның жасауылдарына жолыққандығы туралы деректер айтылған. Қадырбай өзі өмірден өткенше ел ісіне белсене араласқан тұлға. Торғай уезінің әкімшілік өкілдерінің 1869 жылы 19 қаңтар күні жасаған Қарақоға болысының құрамындағы санақ жұмыстары жайлы құжаттарда Қадырбай Байғозин есімі 35 дистанцияның басшысы ретінде де аталады. Оған дейін 35-ші дистанцияны Қадырбайдың немере туысқаны Толтан Күшікұлы басқарған (Дәнен – Жәнібек, Қазыбек. Жәнібек – Күшік би – Толтан. Қазыбек – Байғозы – Қадырбай). Толтанның Ағытайы ел ішіне мырза атанған, ұзақ жылдар бойы Майғарау болысын басқарған би кісі болса, Ержан атты атты ұлы Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептен алғаш білім алған 14 оқушының бірі болған. Кейін Сейдәзім Қадырбаев та осы Ыбырай ашқан білім ордасында білім алған.

Сейдәзім 1885 жылы 30 маусымда Наурызым болысының №1 ауылында Сарықопа бойында дүниеге келген. Алдымен ауыл мектебінен сауатын ашқан. Кейін әулеттің үлкендері Сейдәзім мен немерелес туысы Дүйсек (Байғозы – Әлімбай, Қадырбай. Әлімбай – Сары – Дүйсек, Қадырбай

айларында Орынборда Торғай облыстық азаматтық атқару комитетінің мүшесі, шілде-қараша айларында Торғайда бітімгер сот (мировой судья) қызметін атқарған. 1917 жылдың қараша айынан бастап 1919 жылға дейін Алашорда мүшесі, 1920-21 жылдары Орал губерниясының халықтық сот кеңесінің мүшесі болған Сейдәзім Қадырбаев 1921 жылдан 1929 жылдар аралығында Орынборда Қазақ АКСР халық Комиссариатының заң шығару және сот ісін бақылау бөлімінде меңгеруші болып еңбек етеді [ҚР ОММ. 1541-қ. 3201 іс.].

1929 жылы Алашорданың басқа да өкілдермен бірге Амангелді Имановтың өліміне қатысты айыпталып, тергеуге алынған. Алашорданың Торғайдағы әскери бөлімшесінің мүшесі болғандықтан Сейдәзімнің есімі сол тұстағы тергеу сұрақтарында жиі аталады. Қадырбаевтың кінәлі екендігі дәлелденбесе де 1930 жылы Воронежге жер аударылған. Сол Воронеж жерінде қайта ұсталып, 1937 жылы ату жазасына кесілген. Оның «Қылмыстық істерді жүргізу заңы» (Орынбор, 1924 жыл. Аударушылар – Дулатұлы, Қадырбайұлы, Арыстанбекұлы), «Қылмыс заңы» (Қызылорда, 1925 жыл, 85 б. аударушы – Қадырбайұлы Сейдәзім) «Ақы заңы» (Қызылорда, 1926 жыл, 154 б. аударушылар – Омарұлы Е. Ғаббасұлы Д. Дулатұлы М. Қадырбайұлы С. Нұрышұлы Ғ), «Жер заңы» (1927), «Нотариат туралы заң, ереже нұсқаулар» (1928), «Ақылы істерді жүргізу заңы», «Неке, үй-іші және қамқорлық туралы» секілді еңбектері әлі де зерттеп, зерделеуді қажет ететін құнды еңбектер.

Жалпы Сейдәзімнің атқарған еңбектері мен өмір жолын толығымен қамтып өту бір мақала көлеміне сыймайды. Дегенмен біздер алаш арысы жайлы деректерді сараптап, оның жасаған еңбектері жайлы ждасаған тұжырымдарымыз мынадай болды:

1. Сейдәзімнің аталары Қадырбай, Әлімбай Байғозыұлдары Кенесары бастаған көтеріліске қатысқанын ескерсек, оның ұлтқа қызмет етуге деген ұмтылыс қанында бар деуімізге болады. Оның алдында бабалары салған даңғыл жол, өнегелі үлгісі болды.

2. Сейдәзім 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынборда өткен І Жалпықазақ сиезінің хатшысы қызметін атқарған.

табытын таратқаны туралы хабар берген құжаттары да сақталған.

...В месте прописки Дулатова проживает его родной брат Аскар Дулатов, и, как доносить Сарыкопинский волостной управитель, через него и при посредстве переводчика Оренбургского окружного суда киргиза Сейдазым Кадырбаева он имеет сношения с киргизами и распространяет среди них свою литературу [Казахское книжное дело в документах и материалах (XIX — начало XX в.). Сборник архивных документов. Сост. Ж. Ж. Шалгынбай. Алматы, 2009. С. 440]. Демек Сейдәзім Алаш идеясының қалыптасуы мен дамуына, ел ішіне таралуына өз үлесін қосқан азамат.

4. Сейдәзім 1917, 1918 жылдары Мәскеу, Петербор, Орынбор, Төменгі жаңақала (Нижний новгород) Мұсылман құрылтайы мен «Шура-и-Ислам» ұйымының тұрақты мүшесі болған ірі саяси қайраткер. Мүфтият құру мәселесі, шариғат низамы, қазақ салт-дәстүрі мен діни әдет-ғұрыптарды жүйелеген зиялылардың бірі. Торғай облысы қазақтарының құрылтайын ұйымдастырып, төралқасын басқарған. Тек қазақ халқына ғана емес, XX ғасыр басындағы Ресейдегі түркі-мұсылман қоғамының негізгі тұлғаларының бірі. 5. 1918 жылдың 24 маусымында Алашорда төрағасы Әлихан Бөкейханның бұйрығымен Алаш мемлекетінің ұлттық армиясы құрылды. Сейдәзім 1918-20 жылдары Алашорда әскерінің Торғай бөлімшесін басқарып, атты әскер полкын құрған ұлттық мемлекетіміздің қарулы күштерінің құрылуына белсене ат салысқан қайраткер.

6. Сейдәзім қазақ тілінің құқық, заң тіліне айналуына үлкен еңбек сіңірген кәсіби заңгер-ғалым, ірі аудармашы маман. Оның қолданысқа енгізген неке, ақы, борыш, айып, қорғаушы, жәбірленуші, т.с. терминдері мен ұғымы әлі күнге дейін қолданыста. Қазақтың құқық-заң саласының негізін салушылардың алғашқы буын, алдыңғы легіндегі білікті заңгер ғана емес, өзгелерге бағыт сілтеген педагог деуімізге де болады.

7. Сейдәзімнің тағы бір ескерілмей келе жатқан қыры, оның баспасөз қызметінің мен земстова мекемесін ұйымдастырылуына қосқан үлесі. Барлық алаш қайраткерлері секілді «Қазақ»

Сейдәзімнің інісі Аскарбаев 1898 жылы (1900, 1901 деген деректерде кездеседі) дүниеге келген. Асқарбектің қай жерде, қандай білім алғаны бізге беймәлім. Дегенмен оның сауатты болғаны анық. Себебі 1917 жылы қазақтың мал-жанының, жерінің есебін алуға қатысты «Қазақ» газетінде жарық көрген «Қазақ халқына» деген үндеу хатта Торғай мен Ырғыз уезінен осы жұмысқа жарайды деп оқыған азаматтардың қатарында Асқарбектің есімі де аталған. Асқарбек 1918 жылы құрылған Алашорда әскерінің Торғай облыстық бөлімінің құрамына енген. «Облыстық әскери кеңестің» мүшелері А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы және С. Кадырбаев тағайындалған еді. Торғайдағы алаш әскері құрылғанда оның негізгі бөлігін құрағандар да осы Торғайлық Алашордашылардың ауылдастары, жақын туысқандары еді. Мысалы, Ақтөбе мұрағатында сақталған «1916 жылдан 1920 жылдарға дейін Торғай уезіндегі төңкеріс жайында Торғай әңгімелер» атты естелікте «Алаш адамдары осы кезде 9-10 ауыл Қоңыраулы, Саға деген жерге дейін келеді. Ол жердегі Өтей, Мадияр деген екі ру ел алаш бастықтары Дулатұлы Міржақып, Кәдірбайұлы Сейдазым дегендерді туған ел еді. Дулатов Мадияр деген рудан, Кәдірбаев Өтей деген рудан. Бұлардың соңында 400 жалдама әскері бар. ...Өтей, Мадияр деген елден 60 ерікті этрет жинап береді» деген деректер кездеседі. Естелікте айтылған ерікті отрядқа енді деген алпыс адамның ішінен бізге әзірге белгілі болып отырғандары Ахметұлы Қәби, Бірманұлы Әмір (1903 – 1937), Тампайұлы Жарасбай (1902 – ?), Жүрсінұлы Бөлтірік, Бұхарбайұлы Аққозы, Бұхарбайұлы Тәшім, Байеделұлы Жүрсін, Өтегенов Біржан, Ақбаев Ошақбай (1890 – ?), Қабақов Құлахмет (1894 – 1929), Қадырбаев Асқарбек, Арыстанбайұлы, Арыстанов, Нұржауов, Әлімқұлов, Тоқсейіт есімдері. Алпыс адамның аты-жөнін толық анықтау алдағы күннің еншісіндегі жұмыстардың бірі болмақ.

Жалғасы келесі санда